

FTAMP 04.51.51

<https://doi.org/10.26577/JH202511916>А.С. Алдекен* , Г.А. Мейрманова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: ainur_aldeken@mail.ru

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ: ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ

Қазақ фольклоры – халықтың тарихи жады мен мәдени құндылықтарының көрінісі. Мақалада қазақ фольклорындағы әйел бейнесінің зерттелу тарихы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында XIX ғасырда жарық көрген этнографиялық еңбектерден бастап, кеңестік кезеңдегі идеологиялық ықпал мен тәуелсіздік жылдарындағы гендерлік бағыттағы ғылыми ізденістер жүйеленді. Фольклорды этнографиялық, символикалық және гендерлік контекстте талдап, осы кезге дейінгі зерттеушілер қолданған әдістер мен теориялық ұстанымдарға талдау жасалды. Мақалада салыстырмалы тарихи әдіс, феминистік және мәдениеттанулық тәсілдер тоғыстырылып, фольклордағы әйел бейнесінің ғылыми интерпретациясы ұсынылады. Зерттеу нәтижелері қазақ қоғамындағы әйел рөлінің күрделілігі мен оның фольклорлық шығармалардағы көпқырлылығын көрсетеді. Мақалада әйел бейнесінің даналық, батырлық, көрегендік және тәлімгерлік сипаттары айқындалып, олардың қазақ халқының дүниетанымында алатын орны анықталады. Авторлар фольклорлық материалдар арқылы әйел тұлғасының әлеуметтік мәртебесін, моральдық-этикалық қасиеттерін бейнелеу ерекшеліктерін жүйелеуге тырысты. Бұл зерттеу қазақ қоғамының гендерлік мәдениетін тануға бағытталған маңызды ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеудің мақсаты – қазақ фольклорындағы әйел бейнесінің зерттелу тарихын талдау, негізгі ғылыми бағыттар мен қолданылған әдістерді жүйелеу.

Түйін сөздер: қазақ фольклоры, әйел бейнесі, этнография, гендерлік зерттеу, символдық құрылым.

A.S. Aldeken*, G.A. Meirmanova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: ainur_aldeken@mail.ru

Research of the image of women in kazakh society: based on folklore materials

Kazakh folklore reflects the historical memory and cultural values of the people. This article provides a comprehensive overview of female image's historiography in Kazakh folklore. This study provides a systematic overview of scholarly works on gender studies, beginning with ethnographic publications of the 19th century and encompassing the ideological influence of the Soviet period and the development of gender research in the years of independence. The female image in folklore analyzed within ethnographic, symbolic, and gender contexts, with an examination of the methods and theoretical approaches employed by researchers up to the present day. The article integrates comparative-historical, feminist, and cultural studies approaches to offer a scholarly interpretation of the female figure in folklore. The findings reveal the complexity of the woman's role in Kazakh society and the multifaceted nature of her representation in folklore. The analysis clearly traces such characteristics of female figures as wisdom, heroism, insightfulness, and mentorship; also, it determines their place in the Kazakh worldview. The article systematizes the ways in which folklore materials depict the social status and moral-ethical qualities of female characters. This study serves as an important scholarly foundation for understanding the gender culture of Kazakh society.

Keywords: Kazakh folklore, female image, ethnography, gender studies, symbolic structure.

А.С. Алдекен*, Г.А. Мейрманова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: ainur_aldeken@mail.ru

Исследование образа женщины в казахском обществе: на основе фольклорных материалов

Казахский фольклор является отражением исторической памяти и культурных ценностей народа. В данной статье всесторонне рассматривается история изучения женского образа в казахском фольклоре. В исследовании систематизированы научные труды, посвящённые гендерной тематике, начиная с опубликованных этнографических работ XIX века, включая этап идеологического влияния советского периода и научные поиски в годы независимости. Женский образ в фольклоре анализируется в этнографическом, символическом и гендерном контексте, проводится анализ методов и теоретических подходов, использованных исследователями к настоящему времени. В статье применяются сравнительно-исторический метод, феминистский и культурологический подходы, предлагается научная интерпретация образа женщины в фольклоре. Результаты исследования выявляют сложность роли женщины в казахском обществе и многогранность её изображения в фольклорных произведениях. В ходе анализа чётко прослеживаются такие черты женских образов, как мудрость, героизм, проницательность и наставничество, а также определяется их место в мировоззрении казахского народа. В статье систематизированы особенности отражения социального статуса, морально-этических качеств женских персонажей через фольклорные материалы. Данное исследование представляет собой важную научную основу для понимания гендерной культуры казахского общества.

Ключевые слова: казахский фольклор, женский образ, этнография, гендерные исследования, символическая структура.

Кіріспе

Әйел бейнесі – халықтың дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымының көрінісі ретінде фольклорда кеңінен орын алған күрделі және көпқырлы феномен. Қазақ қоғамындағы әйел бейнесі фольклорлық шығармаларда ғана емес, сонымен бірге этнографиялық зерттеулердің, тарихи-мәдени контекстердің және гендерлік талдаулардың нысанына айналды. Бұл мақалада қазақ қоғамындағы әйел бейнесінің фольклордағы көріністерін зерттеген ғылыми бағыттар мен тәсілдерге шолу жасалып, осы салада жинақталған әдістемелік және теориялық негіздер қарастырылады.

Тақырыпты таңдаудың негіздемесі, ең алдымен, қазақ фольклорындағы әйел тақырыбына көңіл бөлу соңғы уақытқа дейін эпизодтық сипатта болған тарихи-мәдени және этнографиялық зерттеулердегі орын алған олқылықтың орнын толтыру қажеттілігіне негізделген. Гендерлік ғылымның заманауи дамуы эпос, аңыздар, терме, бата сияқты дәстүрлі дереккөздерге жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді, мұнда әйел тұлғасы жан-жақты сипатталады.

Тақырыптың өзектілігі гендерлік бірегейлік мәселелеріне, дәстүрлі қоғамдағы әйелдердің рөліне деген қызығушылықтың артуы, сондай-ақ мәдени жады мен фольклорда бекітілген символдық жүйелерді тереңірек түсінуге ұмты-

лу. Зерттеудің теориялық маңыздылығы ауызша халық әдебиетінде жазылған гендерлік үлгілерді қайта құру мүмкіндігінде, ал тәжірибелік мәні алынған нәтижелерді одан әрі әлеуметтік-мәдени және пәнаралық зерттеулерге, сондай-ақ оқу-ағарту және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына пайдалануда. Қазіргі таңда гендерлік зерттеулер мен феминистік теориялар негізінде қазақ фольклорындағы әйел бейнесін жаңаша пайымдау мүмкіндігі өзекті болып келеді. Бұл үрдіс, әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде кең өріс алды. Енді әйел тұлғасы тек тұрмыстық-этнографиялық деңгейде ғана емес, мәдениеттанулық, мифологиялық және символдық тұрғыда қарастырылуда.

Материалдар мен әдістер

Қазақ әйелінің бейнесі туралы алғашқы жүйелі мәліметтерді XIX ғасырда орыс және еуропалық этнографтар ұсынды. XIX ғ. Ә. Диваев (Диваев, 1900), В. Радлов (Радлов, 1989), Ш. Уәлиханов (Уәлиханов, 1958), Г. Потанин (Потанин, 1917), А. Левшин (Левшин, 1832) және XX ғ. М. Әуезов (Әуезов, 1917), Ә. Марғұлан (Марғұлан, 1985), С. Мұқанов (Мұқанов, 2017), И.В. Стасевич (Стасевич, 2011), А. Алекторов (Алекторов, 1891) сынды зерттеушілердің еңбектерінде фольклорлық мәтіндердегі әйел бейнесіне қатысты материалдар кездеседі. Қазақ

ауыз әдебиетіндегі фольклорлық шығармаларда әйелдердің киімі, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік мәртебесі туралы деректер мол.

Кеңестік кезеңде этнографиялық деректер идеологиялық бақылауда болғаны белгілі, әйел бейнесі көбінесе маркстік-лениндік көзқараста қарастырылды. Фольклор тек мәдени мұра ретінде ғана емес, идеологиялық тәрбие құралы ретінде де қарастырылды. Әйел тегі мәселесі фольклорда формалды түрде зерттеліп, отбасылық қатынастардың «эволюциясы» ретінде сипатталды. Әйел образы көбіне отбасындағы рөлмен, өндірістік қызметпен байланысты болды.

Ал тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде фольклордағы әйел бейнесін гендерлік тұрғыдан зерттеу кең өріс алды. Бұл кезде Батыс Еуропа мен Америкадағы феминистік теориялар мен мәдениеттанулық әдістер қазақ ғылымына ене бастады. Қазақ әйелінің фольклордағы бейнесі енді тек тұрмыстық немесе әдеттік деңгейде емес, мифологиялық, символдық және идеологиялық құрылымдар шеңберінде қарастырыла бастады.

Әдістер

М. Гимбутас (Гимбутас, 2006: 12) пен басқа да мәдени антропологтардың идеялары әйел архетипін, сакралды образдарды түсінуде маңызды болды. Бұл тәсіл қазақ мифологиясындағы Ұмай ана, Жер-Ана, батыр қыз бейнелерін жаңаша интерпретациялауға мүмкіндік берді.

Қазақ қоғамындағы әйел бейнесін фольклорлық материалдар арқылы зерттеу күрделі пәнаралық тәсілдерді талап етеді. Осы мақалада қолданылған негізінен салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы фольклордағы әйел бейнесінің тарихи эволюциясы қарастырылды. Әйел образдарының бастапқы архетиптері, олардың өзгеруі мен қазіргі мәдени дискурстағы трансформациясы зерттелді. Этнографиялық деректерді талдау арқылы халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмысы мен әлеуметтік құрылымындағы әйел рөлі этнографиялық сипаттамалар арқылы жүйеленді. Бұл тәсіл дәстүрлі қоғамда әйел қандай функциялар атқарғанын нақтылауға мүмкіндік берді деп ойлаймыз. Мәдени-символдық (структуралистік) әдісті қолдана отырып фольклорда әйел тек әлеуметтік рөл иесі ретінде ғана емес, символдық бейне ретінде де көрініс табады. Мәселен, ана бейнесі – тіршіліктің, отбасы тәрбиесінің, ұрпақ жалғастығының символы. Бұл әдіс арқылы фольклорлық мәтіндердегі әйел бейнесінің метафоралық,

сакралды мазмұны ашылды. Фольклордағы әйел бейнесін гендерлік және феминистік тәсіл арқылы зерттеу, патриархалды құрылым мен гендерлік нормалар тұрғысынан талдау арқылы фольклорда көрініс тапқан әйелдерге қатысты әлеуметтік шектеулер, билік қатынастары, әрі гендерлік стереотиптер зерделенді. Гендерлік тәсіл әйел бейнесінің ер бейнесімен арақатынасында қалай құрылатынын көрсетуге бағытталды. Қазақ әйелінің бейнесі басқа көшпелі және отырықшы халықтардың фольклорымен салыстырылып, мәдени айырмашылықтар мен ұқсастықтарды айқындалды. Бұл тәсіл Мария Гимбутас (Гимбутас, 2006) және В. Радлов (Радлов, 1989) сияқты т.б. шетелдік зерттеушілердің еңбектерін талдауда қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Фольклор адамның сөйлеу мәдениетінің қалыптасу үрдісінде пайда болды және көптеген халықтар үшін маңызды құбылыс болып табылады. Фольклор (англ. folklore) «халық даналығы, білімі» деген мағына береді. Оны алғаш рет 1846 жылы ағылшын ғалымы Вильям Томс (W.G. Thoms) енгізді және әлі күнге дейін бір текті анықтамаға ие болмаса да, басқа да еуропалық тілдерде пайдаланып ғылыми термин статусын ала бастады. (Резник, 2012: 957) Фольклор әртүрлі формалар мен элементтерді пайдалана отырып, күнделікті өмір мен өнер элементтерін біріктіреді. Фольклордың қоғамдық құрылыс және материалдық мәдениет туындыларын сипаттаудағы ақпарат көзі ретінде маңызы зор. Фольклор этнография үшін маңызды дереккөзі болып табылады және этнографиялық дерек ретінде өте құнды, бірақ көбінесе күнделікті өмірді баяндауда түпдерек ретінде қарастырылмайды. Фольклорлық зерттеулер қазақ этнографиясында маңызды орын алады. Белгілі қазақ этнографтары Ш. Уалиханов (Уәлиханов, 1958), Ә.Х. Марғұлан (Марғұлан, 1985), Х.А. Арғынбаев (Арғынбаев, 2005), Ө. Жәнібеков (Жәнібеков, 2011), М.С. Мұқанов (Мұқанов, 2017) және т.б. өз еңбектерінде фольклорға көп көңіл бөлді. Қазіргі таңда қазақ фольклортану ғылымы даму үстінде, ол жалпы тарихи-мәдени процестермен байланысты. Ол халықтың тарихи шындыққа емес, халықтың шындыққа көзқарасын көрсетеді. Қарапайым халық арқылы жеткен шежіре (летопись) десек те болады. Эпостық мәтіндердегі тарихи-этнографиялық деректер сипаты мен сенімділік дәрежесі бойынша өте әртүрлі

болуы мүмкін. Фольклор халықтың тарихи-этнокалық типологиясымен байланысты болса, этнографияның органикалық элементі бола алады. Типология мен байланыстарды түсіндіру қажет болғанда фольклорлық материал этникалық мәселелерді ашады.

Қазақ әйелдерінің этнографиялық келбеті туралы алғашқы зерттеулер XIX-XX ғғ. пайда болды. Осы кезеңде қазақ әйелдерінің тұрмысын, киім-кешегін, сәні мен әшекейлері туралы еңбектер жарық көрді. XIX-XX ғғ. басында қазақ әйелдерінің этнографиялық келбеті туралы зерттеуге шетелдік зерттеушілер, әсіресе орыс, француз және басқа еуропалық ғалымдар қызығушылық танытты. Бұл зерттеулер қазақ әйелдерінің сыртқы бейнесі мен қоғамдық статусын, олардың киімдері мен әшекейлері арқылы қалыптасқан мәдениетінің ерекшеліктерін ашуға бағытталған.

Этнограф-ғалым Ә. Диваев «қыз балаға отбасындағы ұлдармен тең құқықты мүше ретінде қарайды, оған құрмет көрсетіп, оны қадірлейді» атап өтті (Диваев, 1900: 24). Қазақ қоғамында әйел, әсіресе ана, отбасының берекесін сақтаушы және тәрбиелеуші маңызды тұлға болып саналған. Ол балаларына, отбасы мүшелеріне мейірімді, қамқор болуымен қатар, ұрпақ тәрбиесінің негізгі жетекшісі болған. Әйелдер отбасында, қоғамда бірқатар құқықтарға ие болғанымен, олардың әлеуметтік және құқықтық жағдайы көбінесе патриархалды жүйе шеңберінде қалыптасқан. Әйелдер негізінен үй шаруасымен шұғылданып, көп жағдайда қоғамдық-саяси шешімдерде ер адамдарға тәуелді болған. Алайда, қыздардың үйлену мәселесінде кейде өз таңдауларын жасауға мүмкіндік берілген, сондай-ақ олар ата-ананың шешімдерін сыйлап, көбінесе отбасы мен қоғамның дәстүрлерін ұстанған (Алекторов, 1891: 2). III. Уәлиханов әйелдердің фольклордағы рөлін эпикалық жырлар мен аңыздар арқылы талдаған. Мәселен, ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» сынды жырларда әйел бейнесінің сұлулық, адалдық, даналық сияқты қырларын сипаттайды. Оның зерттеулері қазақ эпосындағы гендерлік қатынастар мен әлеуметтік құрылымдар туралы маңызды этнографиялық мәліметтер береді. (Уәлиханов, 1958: 153) Г. Потанин «Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки» (Потанин, 1917: 89) атты еңбегінде жырларда кездесетін әйел кейіпкерлердің кеңесші, ару, ана бейнесіндегі рөлдеріне тоқталып, олардың патриархалдық қоғамдағы орны

мен ықпалын көрсетеді. А. Левшин қазақтардың салт-дәстүрі, тұрмысы туралы кең көлемде зерттегені белгілі. Ол әйелдердің әлеуметтік мәртебесі, құда түсу, қалың мал, қыз ұзату және жесір дауы сияқты дәстүрлер арқылы фольклордағы және өмірдегі орнын сипаттайды. Әйел бейнесі көбінесе қоғамның моральдық нормаларының көрсеткіші ретінде талданады (Левшин, 1832: 134). Ә. Марғұлан қазақ әйелдерін батырлық жырлардағы Гүлбаршын, Баян, Қыз Жібек бейнесі арқылы табиғаттың бір бөлігі, қаһармандық пен адамгершілік өлшемінің иесі ретінде қарастырды (Марғұлан, 1985: 214).

Қазақ әйелдерінің келбеті туралы тарихшылар қазақ әйелінің әрқашан өз тәуелсіздігімен және ашықтығымен ерекшеленгенін атап өтеді. Этнограф В. Радловтың пікірінше, қазақ әйелін калмақ немесе тіпті орыс әйелдеріне қарағанда ер адамдармен қарым-қатынаста әлдеқайда еркін деп санауға болады (Радлов, 1989: 297). Зерттеушілер қазақ қыздарының сыртқы көрінісін атап өтеді. Сондай-ақ, қыздар көбінесе косметика қолданған: қызарған бояу, әжім кетіретін ұнтақ, қастарына сөрмей де қолданған. Қазақ әйелінің сыртқы келбеті оның жасына байланысты тікелей өзгеріп отырған. Мысалы, 30 жасқа толғаннан кейін жарқын түстердегі киімдер тыныш әрі байсалды түстермен ауысып, бұл жаста әйелдердің қызыл түсті киімдер мен көп әшекейлі киімдерді киюі ұят саналған. Жасымен бірге әйелдің шаш үлгісі де өзгереді. Егер бойжеткен кезіндегі қазақ қыздары кішкентай өрімдер жасап, көбіне оларды бір немесе екі өрумен әшекейлермен безендірсе, тұрмысқа шыққаннан кейін жас әйелдер тек екі өрім жасап, оларды түзу етіп өрген. Осылайша, киім мен шаш үлгісі әйелдің тек жасын ғана емес, әлеуметтік статусын да білдіретін белгілер ретінде қызмет еткен (Стасевич, 2011: 98). Маңызды этнографиялық материал қарастырылып отырған тақырып бойынша Х. Кустанаев еңбегінде кездеседі. Автор, әсіресе, көшпелі ортадағы әйелдердің әлеуметтік статусына тоқталып өтеді: «...қырғыз (қазақ) әйелінің... кең еркіндігі бар, ол өз бетін бөгде адамдардан жасырып жүрмейді және олармен араласуда еркіндік танытады. Әйелдер ер адамдардың қоғамына ешқандай кедергісіз қатыса алады, халықтық ойын-сауықтардың барлығына қатысады ешбір ұялшақтықсыз, не өз руластары, не бөтен адамдармен» (Кустанаев, 1894: 33-34).

Әйелдердің тарихтағы мәдени үлесі ұзақ уақыт бойы назардан тыс қалып келген. Гендерлік зерттеулер пайда болғанға дейін әйелдер мен

олардың әлеуметтік рөлі тарихи еңбектерде тиісті деңгейде қарастырылмаған. Қазақ әйелдеріне қатысты зерттеулер тек 1980-жылдардың ортасы мен соңында қарқынды дами бастады (Абдыраимова, 2014: 672) 1920-жылдардан бастап этнографтар қазақ халқының отбасылық-неке қатынастарын зерттеу нысанына айналдырды. Ал 1940-1960 жылдары бұл бағыттағы ғылыми еңбектерде отбасылық-неке қатынастарындағы өзгерістер, атап айтқанда, қалыңдықты мәжбүрлеп алып қашу оқиғаларының азаюы және әйелдің отбасындағы мәртебесінің біршама жақсаруы талданды. 1970 жылдары жарық көрген еңбектерде бұл мәселелер отарлық кезең контекстінде қарастырылды.

Қазіргі кезеңде Орталық Азия елдерінің зерттеушілері гендерлік тарихтың заманауи аспектілеріне назар аударуда. Қазақ қоғамындағы әйел бейнесі тарихи және этнографиялық әдебиеттерде еңбекқор, көшпелі өмір салтының ауыртпалығына шыдас беретін тұлға ретінде сипатталады. Көптеген авторлар әйелдердің мейірімділігі мен еңбекқорлығын атап өтіп, оларға жанашырлықпен қараған.

Қазіргі ғылыми пікірталастарда көшпелі халықтардағы әйелдердің әлеуметтік жағдайына қатысты түрлі көзқарастар ұсынылады. Кейбір зерттеушілер көшпелі өмір салты әйелдерге біршама еркіндік берді деп есептесе, енді біреулері олар ауыр еңбекке жегілген, езгіде болған деген тұжырым жасайды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында «әйелдер мәселесінің» өзектілігі арта түсті. Бұл кезеңде жергілікті мерзімді басылымдарда әйелдердің қоғамдағы орны мен құқықтық жағдайы кеңінен талқыланды. Сол дәуірдегі мақалалар мен жарияланымдарда қазақ әйелдерінің құқықсыздығы, оларға деген менсінбеушілік көзқарастар және ерте жасындағы некенің жағымсыз салдары секілді мәселелер көтерілді.

Қазақ фольклорындағы әйел бейнесі сан алуан – эпикалық қаһармандардан бастап салт-дәстүрдегі символдық тұлғаларға дейін бейнеленеді. Бала кезінен қызды ер-тоқымды ұстауға, еркін сөйлесуге, қайратты, епті болуға үйреткен. Қыз жарыстарда физикалық төзімділік пен жас жігіттермен музыкалық және сөздік жарыстарда (қыз-жігіттің айтысы) тапқырлық танытып, өзін-өзі қорғай білуі керек еді. Қыздар ер балалармен тең дәрежеде ат жарысына (бәйге) қатысса, «қыз қуу» атты ат жарысында олар негізгі қатысушылар болды – деп М.Т. Таникеев 1977 жылы шыққан еңбегінде жазды. Қазақ фольклорында

көптеген шығармаларда ер жігіт қызға үйлену үшін осындай жарыстарда қызды жеңіп, үйленуге мүмкіндік алғаны белгілі. Мысалы «қыз қуу», «қыз бен жігіттің айтысы» т.с.с. (Таникеев, 1977: 78).

И.В. Стасевич «Социальный статус женщины у казахов» еңбегінде қазақтың ауыз әдебиетінде қыз/әйел бейнесіне қатысты деректер болғанымен, бұл мәселені жүйелі әрі жан-жақты зерттеу әлі де шектеулі екенін айтады. Әйел бейнесін жан-жақты зерделеу тек фольклорлық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік-мәдени, этнографиялық тұрғыдан да, әсіресе, дәстүрлі қазақ қоғамы мен оның өзгерістері жағдайында қажет екендігі баса айтылады. Еңбекте батыр-қыздар, әйел-ана, жоқтаушы т.б. рөлдері туралы айтылған (Стасевич, 2011: 112).

Фильструп «XX ғасыр басындағы қырғыздардың салт-дәстүрлік өмірінен» атты еңбегінде фольклордағы әйел бейнесін жүйелі түрде талдау жасаған жоқ. Дегенмен, ол көптеген эмпирикалық материалдарды жинады, олардан әйелдердің салт-жораларға қатысуы және әйелдердің салт-дәстүрлік функциялары туралы қорытынды жасауға болады. Мысалы жеңге сөзіне анықтама беру арқылы оның жас жұбайларды үйлендірудегі рөлі мен оған күйеу жігіт тарапынан берілетін сый-жоралғылар туралы жазған (Фиельструп, 2002: 246).

Ә. Бөкейханов «Ақ жол» газетіне Қыр баласы деген лақап атымен «Әйел теңдігі» атты мақала жазды. Онда 1921 жылғы 20 қаңтардағы Түркістандағы 1-жалпы қазақ съезінде қазақ қыздарының атынан алғаш рет сөз сөйлеген Сара Есова туралы жазған. Ол қазақ қыздарының осыған дейін теңдік берілмегендігі және малға сатылғанын айтып, бұдан бұлай осындай кемдік көрмесе екен деген өтінішін айтқаны туралы жазылған. Съезд басқарушысы әйел теңдігін сақтап қалу үшін ұйымда әйел адам болуы керек деп, Сараны мүшелікке сайлады. Әйелдерге көрсетілген бұл құрмет көзге ілерлік оқиға болды (Ақ жол, 2011: 193).

Кеңестік кезеңде (1920-1980 жж.) этнография ғылымы дамуына көңіл бөлініп, фольклорлық зерттеулер жүргізілгенімен ол үнемі партия бақылауының аясында болды. Далалық зерттеу экспедициялары жүргізілгенімен деректер маркстік идеологиясының қатаң бақылауында сұрыпталып жарияланды. Мұхтар Әуезовтің «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласы Семейде шығатын «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 5 қыркүйектегі 12-санында жарияланған. Мақала

сол кезең үшін қазақ арасындағы маңызды қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің бірінен саналатын әйел теңдігі туралы жазылған еді. «Сол себепті әйелдің басындағы сасық туман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейімін десек, әйелдің халін түзе» – деп әйелдердің қоғамдағы және отбасындағы орны туралы жазған.

Мария Гимбутас – Литвадан шыққан американдық археолог және мәдениеттанушы оның еңбектері «Ескі Еуропа» мәдениетіне қатысты тұжырымдар, оның ішінде әйелдік бастауға табыну, Ұлы Ана бейнесі мен матриархаттық құрылымдар туралы идеялары қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі әйел архетиптерін зерттеуде салыстырмалы-мәдени әдіснамалық негіз болады (Гимбутас, 2006: 38). Ол зерттеген Еуропа кеңістігіндегі ежелгі аграрлық, бейбіт, әйел-орталықты қоғамдарда әйел тек тұрмыстық немесе биологиялық қызмет атқарушы ғана емес, рухани күш иесі, мәдениеттің тірегі ретінде көрінеді. Осы идеяларды қазақ мифологиясындағы Ұмай ана, Жер-Су, ана бейнесі, сондай-ақ эпикалық шығармалардағы батыр қыздар мен аналар бейнелерін талдауда қолдануға болады. Бұл тәсіл әйел бейнесінің тек әлеуметтік рөлмен шектелмейтінін, сонымен бірге ол сакралды-рухани жүйенің өзегінде тұрғанын көрсетеді. Уақыт өте келе фольклордағы әйел бейнесі де өзгерістерге ұшырады. Ислам дінінің енуімен әйелдің қоғамдағы рөліне қатысты көзқарастар өзгерді. Дегенмен, қазақ фольклорында әйелдің даналығы мен парасатына деген құрмет сақталып қалды. Мысалы, Домалақ ана туралы аңыздарда

оның кемеңгерлігі мен әділдігі айтылады. Ол ел бірлігін сақтауға, татулық пен бейбітшілікті нығайтуға үлес қосқан тұлға ретінде бейнеленеді.

Қорытынды

Қазақ қоғамындағы әйел бейнесін фольклорлық материалдар негізінде зерттеу ұлттық мәдениетті, әлеуметтік құрылымды, дүниетанымды түсінудің маңызды тәсілі. Бұл бейне тек тұрмыстық сипатта ғана емес, мифологиялық, символикалық және идеологиялық деңгейде де көрініс табады. Зерттеу барысында әйел бейнесі әр тарихи кезеңде әртүрлі интерпретацияға ие болды: отарлау кезеңінде – экзотизацияланған нысан, кеңестік дәуірде – теңдіктің символы, ал тәуелсіздік кезеңінде феминистік және мәдениеттанулық тұрғыдан қайта қаралып жатқан күрделі образ.

Қорыта айтқанда, қазақ фольклорындағы әйел бейнесі – қоғамның әлеуметтік, мәдени және рухани құндылықтарының айнасы болып табылады. Эпостар мен аңыздарда, мақал-мәтелдер мен ертегілерде әйелдің рөлі тек отбасы шеңберімен шектелмей, оның даналығы, батырлығы және тәлімгерлік қасиеттері ерекше көрсетіледі. Зерттеу барысында анықталғандай, әйел образы уақыт өте келе өзгерістерге ұшыраса да, негізгі моралдық-этикалық құндылықтар сақталып қалған. Бұл – қазақ халқының әйелге деген құрметі мен таным-түсінігінің тұрақтылығын дәлелдейді. Осы тұрғыдан фольклорлық мұралар ұлттық болмысты тануда маңызды дереккөз ретінде бағаланып, болашақ зерттеулер үшін де құнды бағыт береді.

Әдебиеттер

- Абдыраимова, А. С. (2014). *The image of the Kazakh women in the works of Russian authors in the context of imperial policy in the Steppes (the end of the XVIII – beginning of XX century)*. Procedia – Social and Behavioral Sciences, №122, 671–676.
- Алекторов, А. (1891). *О рождении и воспитании детей у киргизов, о правах и власти родителей*. Оренбургский листок, № 31, с. 2.
- Әуезов, М. (1917). *Адамдық негізі – әйел*. Сарыарқа газеті, № 12, 5 қыркүйек, 2-бет.
- Диваев, А. (1900). *О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области*. Казань: Типография Императорского университета, 66 с.
- Кустанаев, Х. (1894). *Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов* (Н. А. Воскресенский, ред.). Ташкент: О. А., 52 с.
- Левшин, А. И. (1832). *Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей* (Ч. I–III). Санкт-Петербург, 335 с.
- Марғұлан, Ә. Х. (1985). *Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар* (Р. Бердібаев құраст.). Алматы: Жазушы, 366 б.
- Гимбутас, М. (2006). *Цивилизация великой богини. Мир древней Европы*. Москва: София, 584 с.
- Мұқанов, М. С. (2017). *Халық мұрасы: тарихи-этнографиялық шолу*. Алматы: Өлке, 368 б.
- Потанин, Г. Н. (1917). *Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки*. Петроград: Тип. В. Д. Смирнова, 151 с.
- Радлов, В. В. (1989). *Из Сибири. Страницы дневника*. Москва: Наука, 749 с.

- Резник, Ю. М. (ред.). (2012). *Социокультурная антропология: История, теория и методология. Энциклопедический словарь*. Москва: Канон, 957 с.
- Стасевич, И. В. (2011). *Социальный статус женщины у казахов*. Санкт-Петербург: Наука, 202 с.
- Таникеев, М. Т. (2001). *Қазақстандағы дене тәрбиесі мен спорттың тарихы: дореволюциялық кезең*. Алматы: КазАСТ, 152 б.
- Фиельструп, Ф. А. (2002). *Из обрядовой жизни киргизов начала XX века*. Москва: Наука, 300 с.
- Уәлиханов, Ш. (1958). *Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы. Шығармалар жинағы*. Алматы: Қазақ КСР Ғылым академиясы, 254 б.
- Аргынбаев, Х. (2005). *Историко-культурные связи русского и казахского народов*. Алматы: ЭКО, 240 с.
- Ақ жол. (2011). *Көп томдық жинақ (2-том)*. Алматы: Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін мұражайы, 246 б.
- Жәнібеков, Ө. (2011). *Таңдамалы шығармалар жинағы*. Алматы: ҚазАқпарат, 1-кітап, 320 б.

References

- Abdyraimova, A. S. (2014). The image of the Kazakh women in the works of Russian authors in the context of imperial policy in the Steppes (the end of the XVIII – beginning of XX century). *Procedia – Social and Behavioral Sciences*, 122, 671–676. (In English)
- Alektorov, A. (1891). O rozhdenii i vospitaniy detei u kirgizov, o pravakh i vlasti roditeli [On the birth and upbringing of children among the Kirghiz, on the rights and authority of parents]. *Orenburgskii listok*, No. 31, p. 2. (In Russian)
- Auezov, M. (1917). Adamdyk negizi – äiel [The moral basis is woman]. *Saryarqa gazeti*, No. 12, September 5, p.2. (In Kazakh)
- Divaev, A. (1900). O svadebnom rituale kirgizov Syr-Dar'inskoi oblasti [On the wedding ritual of the Kirghiz of the Syr-Darya region]. Kazan: Tipografiya Imperatorskogo universiteta, 66 p. (In Russian)
- Kustanaev, Kh. (1894). *Etnograficheskie ocherki kirgiz Perovskogo i Kazalinskogo uezdov* [Ethnographic sketches of the Kirghiz of Perovsk and Kazalinsk districts] (N. A. Voskresenskii, Ed.). Tashkent: O. A., 52 p. (In Russian)
- Levshin, A. I. (1832). *Opisanie kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei* [Description of the Kirghiz-Cossack hordes and steppes]. St. Petersburg, 335 p. (In Russian)
- Margulan, A. Kh. (1985). *Ezhelgi zhyr, anyzdar: gylimi-zertteu makalalar* [Ancient songs and legends: research articles]. Almaty: Zhazushy, 366 p. (In Kazakh)
- Gimbutas, M. (2006). *Tsivilizatsiya velikoi bogini. Mir drevnei Evropy* [The Civilization of the Great Goddess. The World of Ancient Europe]. Moscow: Sofia, 584 p. (In Russian)
- Mukanov, M. S. (2017). *Khalyk murasy: tarikhy-etnografiyalyk sholu* [Folk heritage: historical and ethnographic overview]. Almaty: Olke, 368 p. (In Kazakh)
- Potantin, G. N. (1917). *Kazak-kirgizskie i altaiskie predaniya, legendy i skazki* [Kazakh-Kirghiz and Altai legends and tales]. Petrograd: Tipografiya V. D. Smirnova, 151 p. (In Russian)
- Radlov, V. V. (1989). *Iz Sibiri. Stranitsy dnevnika* [From Siberia: Pages from a diary]. Moscow: Nauka, 749 p. (In Russian)
- Reznik, Yu. M. (Ed.). (2012). *Sotsiokul'turnaya antropologiya: Istoriya, teoriya i metodologiya. Entsiklopedicheskii slovar'* [Sociocultural Anthropology: History, Theory and Methodology. Encyclopedic Dictionary]. Moscow: Kanon, 957 p. (In Russian)
- Stasevich, I. V. (2011). *Sotsial'nyi status zhenshchiny u kazakhov* [Social status of women among the Kazakhs]. St. Petersburg: Nauka, 202 p. (In Russian)
- Tanikeev, M. T. (2001). *Kazakhstan dene tarbiesi men sportyn tarihy: dorevoliutsiynalyk kezen* [History of physical culture and sports in Kazakhstan: Pre-revolutionary period]. Almaty: KazAST, 152 p. (In Kazakh)
- Fielstrup, F. A. (2002). *Iz obryadovoi zhizni kirgizov nachala XX veka* [From the ritual life of the Kirghiz of the early 20th century]. Moscow: Nauka, 300 p. (In Russian)
- Ualikhanov, Sh. (1958). *Kazakh khalyk poeziyasynyn turleri turaly. Shygarmalar zhinagy* [On the types of Kazakh folk poetry. Collected works]. Almaty: Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 254 p. (In Kazakh)
- Argynbaev, Kh. (2005). *Istoriko-kul'turnye svyazi russkogo i kazakhskogo narodov* [Historical and cultural ties between the Russian and Kazakh peoples]. Almaty: EKO, 240 p. (In Russian)
- Ak zhol. (2011). *Kop tomdyk zhinak* (Vol. 2) [Multi-volume collection]. Almaty: South Kazakhstan Museum of Political Repression, 246 p. (In Kazakh)
- Zhanibekov, O. (2011). *Tandamaly shygarmalar zhinagy* [Selected works collection]. Almaty: Kazinform, Vol. 1, 320 p. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Алдекен Айнұр Сабырбайқызы (корреспондент-автор) – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Археология, этнология және музеология» кафедрасының 1-курс докторанты (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: ainur_aldeken@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-3918-4535>)

Мейрманова Гүлжан Асановна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Археология, этнология және музеология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: [e-mail: meirmanovaga@gmail.com](mailto:meirmanovaga@gmail.com))

Information About Authors:

Aldeken Ainur Sabyrbaikyzy – Al-Farabi Kazakh National University, 1st year doctoral student of the Department of Archeology, Ethnology and Museology (Almaty, Kazakhstan, ainur_aldeken@mail.ru). <https://orcid.org/0000-0002-3918-4535>

Meirmanova Guljan Asanovna (correspondent author) – Al-Farabi Kazakh National University, candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Archeology, Ethnology and Museology (Almaty, Kazakhstan, meirmanovaga@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3990-0172>)

Сведения об авторах:

Алдекен Айнұр Сабырбайқызы (автор-корреспондент) – докторант 1-го курса кафедры археологии, этнологии и музееологии КазНУ имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: ainur_aldeken@mail.ru);

Мейрманова Гүлжан Асановна – к. и. н., ассоциированный профессор кафедры археологии, этнологии и музееологии КазНУ имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: meirmanovaga@gmail.com).

Келіп түсті: 27.08.2025

Қабылданды: 25.11.2025